



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар


Біз орта және ұзақ мерзімді перспективада экономиканың өсуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікті дамытуға және экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал ететін жобаларды іске асырамыз. Біз инфрақұрылымды, білім беруді, денсаулық сақтауды, спортты және халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін басқа да салаларды дамытуға бағытталған жобаларды қолдаймыз.

Халықаралық серіктестермен бірлескен жобаларды іске асыру және отандық компаниялардың акцияларын Қор нарығына орналастыру арқылы шетелдік инвестицияларды тартуға ерекше назар аударылады. Бұл негізгі бастамаларды қаржыландыруды қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар озық технологиялар мен білімді енгізуге ықпал етеді, сондай-ақ Қор нарығын дамыту арқылы азаматтардың экономикаға қатысуын кеңейтеді.

Біз сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасаймыз: инфрақұрылымды дамытамыз, сатып алу жүйесі арқылы отандық өндірушілерге қолдау көрсетеміз және оффтейк-келісімшарттар ұсынамыз.

Қордың қаржылық салымы Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуден, салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерден көрінеді.

GRI 203-1 GRI 203-2 Әсер ету матрицасы, млрд теңге



⁷ ЖТС есебінсіз.

⁸ ҚҚС-сыз, есептеу әдісі бойынша.

⁹ Бағалар мен тарифтердің өсуін тежеу мақсатында Қордың әлеуметтік маңызы бар салаларды айқын субсидиялауы.

¹⁰ Субсидиялау экспорттық кедендік баждарды және тасымалдауды (нетбэк) шегергендегі ішкі нарыққа жеткізілген мұнай көлемі үшін экспорттық және реттелетін ішкі бағалардың айырмашылығы есебінен мұнай өндіруші компаниялардың жіберілген пайдасынан көрінеді.

¹¹ ҚР Табиғи монополияларды реттеу комитеті (ТМРК) бекіткен тарифтік сметадағы шығындар магистральдық темір жол желісі және локомотивтік тартым қызметтеріне «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ реттелетін тарифтері бойынша республикаішілік қатынаста жүк және жолаушылар тасымалдары бойынша нақты шығындарды өтемейді. Тиісінше субсидиялау нақты шығындар мен тарифтік сметада бекітілген реттеліп көрсетілетін қызметтерге шығындар арасындағы айырма ретінде есептелді.

¹² Газды сатып алуға және тасымалдауға жұмсалатын нақты шығындар ішкі нарықта тауарлық газға бекітілген тарифтер бойынша кірістерден асып түседі. Осылайша, субсидиялау - газдың өзіндік құны мен көлік шығындарын шегергендегі түсім.

¹³ Бекітілген тарифтермен жабылмаған күрделі салымдар ТМРК бекіткен күрделі шығындар мен нақты күрделі шығындар арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

¹⁴ Оның ішінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына есептеу әдісі бойынша бөлу.